

Бекітемін
««АІ-Аділ»» балабақшасының
менеджері: Байғонусова З.Я.



2025-2026 оқу жылына арналған
педагог-психолог жылдық жоспары.

Бекітемін
«АІ-Аді» бөбекжай-балабақшасы
Менгеруші: Байгунусова З.Я.

2025 – 2026 оқу жылына арналған педагог – психолог
жұмысының жылдық жоспары

№	Жұмыс түрі	Өткізілу мерзімі
I Балалармен жұмыс		
Диагностика		
1	Ересек топтағы балалардың интеллектуалдық дамуы.	Қыркүйек - қазан
	Ортаңғы топтағы балалардың психикалық даму деңгейі.	Қыркүйек - қазан
	Ересек топтағы балалардың мектепке деген психологиялық дайындығы.	Сәуір-мамыр
2	Өзара қарым-қатынас (бала – бала, бала – ата-ана, бала – тәрбиеші).	Жыл бойы
3	Баланың жеке тұлғалық ерекшелігін зерттеу (өзін-өзі бағалау, талап ету деңгейі, топ ішіндегі мәртебесі, эмоционалдық жағдайы).	Жыл бойы
4	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер индикаторы.	Әр тоқсанда
5	Балалардың психологиялық дамуының деңгейі.	Айына бір рет
6	Қиялды дамытуға және балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған тренинг жаттығулары.	Аптасына бір рет
II Түзету – дамыту жұмысы		
1	Жаңадан келген балалардың бейімделуіне арналған психологиялық сауықтыру іс-шаралар.	Қыркүйек-қазан
2	Шығармашылық ойлауды дамыту курсы (ересектер тобы).	Аптасына бір рет
3	Жеке тұлғаның жағымсыз жағдайға қарай ауытқуын және мектепке бейімделе алмауын психологиялық жағынан сауықтыруға арналған психологиялық тренинг.	Екі аптада бір рет
4	Ойын түрінде ұйымдастырылған іс-шаралар, қарым-қатынасты дамытуға арналған ойын жаттығулар (сәбилер, ортаңғы топтар).	Екі аптада бір рет
5	Жеке тұлғасында проблемалары бар балалармен жүргізілетін ертегі арқылы емдеу жұмысы.	Наурыз – сәуір
6	Мінез-құлқы қиын балаларға арналған психологиялық жаттығулар (қажет жағдайда).	Жыл бойы
III Педагогтармен жұмыс		
Педагогикалық кеңестердегі әрекет		
1	Тренинг, жаттығу жұмыстарын өткізіп отыру.	Жыл бойы
2	Бала даму күзіреттілігін анықтау (индикатор, қорытынды есеп беру).	желтоқсан
Педагогтарға кеңес беру		
1	Сұраныс бойынша жеке кеңес беру.	Жыл бойы
2	Ойын арқылы бала тілін дамыту.	Қазан

3	«Бала дамуының психологиялық ерекшеліктері» «Тәрбие отбасынан басталады» «Дидактикалық ойынның мазмұны» «Бүлдіршіндердің шыдамсыздығын жою»	Наурыз Ақпан Қазан Желтоқсан
Педагогикалық ұжымды психодиагностикалау		
1	Тұлғаның жеке қасиеттерін анықтауға арналған тест жүргізу.	Ақпан
2	Тренинг: «Жас мамандардың бейімділігін арттыру».	Қазан
3	Тренинг: «Бүлдіршіндердің психо-педагогикалық тәрбиесі»	Желтоқсан
Ата-аналармен жұмыс		
1	Кеңес беру, ағарту жұмыстары.	Жыл бойы
2	Диагностика бойынша кеңес беру.	Әр тоқсанда
3	Сұрақнамалар жүргізіп отыру.	Жылына үш рет
4	«Мектепалды дайындық тобының балалары мен ата-аналарына арналған тренинг»	Мамыр
5	Дөңгелек үстел: «Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері»	Ақпан
Әкімшілікпен жұмыс		
1	Диагностика нәтижелерімен таныстыру және оны талқылау.	Балабақша жоспарына сәйкес
2	Жүргізілген диагностикаларға анықтама беру.	Жыл бойы
3	Ұжымның бірлесіп жұмыс атқаруына психологиялық көмек көрсету.	Қажеттілігіне қарай
4	Әкімшіліктің сұранысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатынасу.	Жыл бойы

Психолог қызметінің негізгі бағыттары.

- Балалардың психофизиологиялық денсаулығын, жеке тұлғаның дамуын есепке алып, әр баланың психологиялық және эмоционалдық саулығына оңтайлы жағдай жасау.
- Тәрбиеленушілердің жансаулығына оңтайлы жағдай жасау, педагогтардың шығармашылық потенциалын ашуға және оны дамытуға көмек беру негізінде
- Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер

1. Мүмкін болатын түрлі тежелу кедергілерді болдырмау, яғни бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау.
2. Жаңа шығармашылық ресурстарды ұдайы айқындау арқылы балалардың жеке қасиеттерін дамыту.
3. Педагогтардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық-педагогикалық дағдысын жетілдіру.

Мектепке дейінгі мекемедегі педагог-психолог қызметінің жұмыс бағыттары

Балабақшадағы әлеуметтік –психологиялық қызмет келесі бағыттарда жұмыс атқарады.

Педагогикалы қызметкерлерді және ата-аналарды педагогикалық ағарту.

Мақсаты-тәрбиешілерді, педагогтарды, ата-аналарды, балаларды психологиялық біліктілікке баулу. Психологиялық ағартудың түрлері сантүрлі. Айталық оған әдістемелік кеңесте және ата-аналар жиналысында өтілетін лекциялар, әңгімелесулер, топтық және ата-аналар жиналысы, көрмелер дайындау, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді іріктеу және тарату, тақырыптық газет шығару.

Психологиялық сауықтыру

Мақсаты –барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналған дамыту бағдарламаларын жасау және оны іске асыру, сауықтыру шараларын қолдану, балабақшадағы тәрбие беру және оқу арқылы балалардың толыққанды дамуына жағдай туғызу психологтың ең жауапты жұмыс бағыты.

Психологиялық диагностика

Мақсаты-жеке тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлғааралық қарым-қатынасын зерттеу. Психодиагностиканың негізгі міндеті- тәрбиешілерге, педагогтарға, ата-аналарға балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері жайлы қажетті хабар беру. Психологиялық іс-шараға кіріспестен бұрын, оқу жылы басында өзара келісім-шарт негізінде, ата-аналар жиналысы барысында тестілеудің мақсаты мен міндетін түсіндіру, олардың жазбаша рұқсатын, қолдарын жинау арқылы оны жүзге асыру қажет.

Психологиялық кеңес беру

Мақсаты-оқу тәрбие процесінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлік, дағдысын дамыту мен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.

Бекітемін
«Al-Adil» балабақшасының
менгерушісі: Байғонусова З.Я.



2025-2026 оқу жылына арналған
«Al-Adil» бөбекжай- балабақшасының
педагог-психолог жұмысының
айлық жоспары.

**2025– 2026 оқу жылына арналған педагог-психологтің
айлық жоспары**

Айлар	Жұмыс мазмұны
<u>Қыркүйек</u>	Жылдық жұмыс жоспарын түзу. Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Ересек топтағы балалардың интеллектуалдық дамуын диагностикалап тексеру. Ортаңғы топ балалардың психикалық даму деңгейін диагностикалап тексеру. Саусақ бұлшық еттерін дамыту барысында ересектер мен дайындық тобында «Тілек шоғы» тақырыбында сабақтар өткізу.
<u>Қазан</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Диагностика нәтижелерін өңдеу және анықтама беру. Ересек тобы мен дайындық топтарының ата-аналарымен «Сіздің балаңыздың қиялы қалай дамыған?» тақырыбында сауалнама жүргізу. Ортаңғы топ ата-аналарымен «Баланы ата-ана тәрбиелейді, ал ата-ананы кім тәрбиелейді?» тақырыбында сауалнама жүргізу. Педагогикалық кеңесте педагогтарға «Ойын арқылы бала тілін дамыту» тақырыбында кеңес беру және «Қатынастың психикалық түзетуі» тақырыбында тренинг өткізу. Саусақ бұлшық еттерін дамыту барысында ересектер, дайындық топтарында «Танысу», «Күн шуағы» тақырыбында сабақтар өткізу.
<u>Қараша</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Нәтижелерді өңдеу және анықтама беру. Жылдық жоспарға сәйкес ортаңғы, ересектер тобындағы балаларға арналған түзету – дамыту сабақтарын жүргізу. Диагностика нәтижелерін өңдеп анықтама беру. Балалармен жеке түзету-дамыту сабақтарын жүргізу. Саусақ бұлшық еттерін дамыту барысында ересектер, дайындық топтарында «Жіп орамы», «Молекулалар» тақырыбында сабақтар өткізу.
<u>Желтоқсан</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Ашық сабақтарға қатысу. Ата-аналарға жеке кеңестер беру. Тәрбиешілерге жеке кеңестер беру. Ересек және ортаңғы тобындағы балалардың эмоционалдық сферасын диагностикалап тексеру. Диагностика нәтижесі бойынша балалармен түзету-дамыту сабақтарын жүргізу. Педагогикалық кеңестер бала даму күзінеттілігін анықтап есеп беру (Индикатор қорытындысы). Саусақ бұлшық еттерін дамыту барысында ересектер, дайындық топтарында «Көңіл – күйім неге ұқсайды?», «Бар ма, жоқ па?» тақырыптарында сабақ өткізу.
<u>Қаңтар</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Ашық сабақтарға қатысу. Тәрбиешілерге, ата-аналарға жеке кеңестер беру. «Менің отбасым» тақырып бойынша дайындық, ересек топтарында диагностикалап тексеру. Диагностика нәтижелерін өңдеп анықтама беру. Саусақ бұлшық еттерін дамыту барысында дайындық, ересектер

	топтарында «Кім күлкілі күледі», «Шуақты күн», «Әуеннің суретін саламын» тақырыптарында сабақтар жүргізу.
<u>Ақпан</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Нәтижелерді өңдеу және анықтама беру. Ашық сабақтарға қатысу. Ортаңғы топ ата-аналарымен «Сіздің балаңыздың қиялы қалай дамыған?» тақырыбында сауалнама жүргізу. Ересек пен дайындық топтарының ата-аналарымен «Дана бала тәрбиелей аласыз ба?» тақырыптарында сауалнама жүргізу.
<u>Наурыз</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Нәтижелерді өңдеу және анықтама беру. Ашық сабақтарға қатысу. Мінез-құлқы аффектілі балаларды диагностикалап тексеру. Диагностика нәтижелерімен ата-аналарды және тәрбиешілерді таныстыру. Педагогикалық кеңесте «Дайындық тобындағы балалардың мектепке мотивациялық дайындығының қалыптасуы» тақырыбында кеңес беру. Саусак бұлшық еттерін дамыту барысында ересектер, дайындық тобында «Шуақты күн», «Жіп орам» тақырыбында сабақ өту.
<u>Сәуір</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Нәтижелерді өңдеу және анықтама беру. Ашық сабақтарға қатысу. Жоспар бойынша түзету-дамыту жұмысын жалғастыру. «Дидактикалық ойынның мазмұны» тақырыбында педагогтарға кеңес беру. Ересек, дайындық топтардағы балалардың мектепке деген психологиялық дайындығын диагностикалап тексеру. Саусак бұлшық еттерін дамыту барысында ересек, дайындық топтарында «Тышқан мен қақпан», «Ырғақты би», «Маскалар» тақырыптарында сабақтар жүргізу.
<u>Мамыр</u>	Топтарды аралау. Балаларды бақылау. Нәтижелерді өңдеу және анықтама беру. Ашық сабақтарға қатысу. «балабақша мен ата-ана қарым-қатынасы» тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. «Сіздің балаңыздың қиялы қалай дамыған?», «Баланы ата-ана тәрбиелейді, ал ата-ананы кім тәрбиелейді?» тақырыптарында ата-аналармен сауалнама жүргізу.. Педагогикалық кеңесте бала дамуын психологиялық ерекшелігіне салыстырмалы қорытынды есеп беру. Құжаттарды және есеп беру материалдарын дайында. Жылдық жұмысты қорытындылап есеп беру.

Бекітемін ✓
«Al-Adil» балабақшасының
меңгерушісі: Байғонусова З.Я.



2025-2026 оқу жылына арналған
педагог-психолог жұмысының
апталық жоспары.

Бекітемін
«А-Adil» бөбекжай-балабақшасы
Менгеруші: Байғонусова З.Я.

Апталық жоспар

Апта күні	Орындалу уақыты	Жұмыс мазмұны
<i>Дүйсенбі</i>	8.30 – 9.00	Топтарды аралау. Сабақ өту барысын бақылау.
	9.00 – 11.30	Топтағы балалармен түзету – дамыту жұмысын жүргізу.
	13.00 – 15.00	Педагогтарға кеңес беру.
	15.00 – 16.00	Құжатпен жұмыс, көрнекі құралдарды дайындау.
	16.00 - 16.30	Жеке түзету – дамыту жұмысын жүргізу.
<i>Сейсенбі</i>	8.30 – 9.00	Топтарды аралау. Сабақ өту барысын бақылау.
	9.00 – 11.30	Балалармен жеке жұмыс жүргізу.
	11.30 – 13.00	Балалардың ойын барысын бақылау.
	13.00 – 16.00	Тәрбиешілерге кеңес беру. Сабаққа дайындық стимулдық материалдарды, көрнекі құралдарды дайындау.
	16.00 - 16.30	Топтағы балалармен түзету – дамыту жұмысын жүргізу.
<i>Сәренбі</i>	8.30 – 9.00	Топтарды аралау. Ата-аналарға кеңес беру.
	9.00 – 12.30	Балалармен түзету-дамыту жұмысын жүргізу.
	13. – 16.00	Педагогтарға кеңес беру. Сабаққа дайындық, стимулдық материалдарды және көрнекі құралдарды дайындау. Құжатпен жұмыс.
<i>Бейсенбі</i>	8.30 – 9.00	Топтарды аралау. Сабақ өту барысын бақылау.
	9.00 – 12.30	Балалармен топтық және түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.
	13.00 – 15.00	Ұжыммен жұмыс, педагогикалық кеңеске қатысу.
	16.00 - 16.30	Топтағы балалармен жұмыс.
<i>Жұма</i>	8.30 – 9.00	Топтарды аралау. Ата-аналарға кеңес беру.
	9.00 – 12.30	Балалармен түзету-дамыту жұмысын жүргізу.
	13.00 - 16.00	Тәрбиешілерге кеңес беру, тест материалдарын өңдеу. Құжатпен жұмыс.